| 16.11 | Каждая из Сторон заверяет и гарантирует, что:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Тараптардың әрқайсысы куәландырады және кепілдік береді:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| a)    | такая Сторона совместно со своими Связанными лицами полностью осознает и понимает положения всех применимых законов о налогообложении, в том числе, безограничения, Закон 2017 года Соединенного Королевства «О финансовых преступлениях», с учетом любых изменений и дополнений этого закона в то или иное время, подзаконных нормативных правовых актов, принятых в реализацию названного закона и любых обязательств, вытекающих из этого закона (в совокупности – «Законы налогообложения»);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп салық салу туралы барлық қолданылатын заңдардың ережелерін толық түсінеді және ұғынады, соның ішінде, мұнымен шектелмей, осы немесе өзге уақытта осы заңның кез-келген өзгертулері мен толықтыруларын, аталған заңды және осы заңнан шығатын кез-келген міндеттемелерді (жиынтықта – «Салық салу туралы заңдар») іске асыруға қабылданған заң күшіндегі нормативтік-құқықтық актілерді ескеріп, «Қаржылық қылмыстар туралы» 2017 жылғы Біріккен Корольдіктің заңы;                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| b)    | такая Сторона совместно со своими Связанными лицами не совершала и не совершает:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| i     | преступлений, заключающихся в мошенничестве в отношении государственных доходов; и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | мемлекеттік кіріске қатысты айлакерлікпен болатын қылмыстар; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| ii    | преступлений, заключающихся в сознательной вовлеченности в действия или в непосредственном совершении действий в целях уклонения от уплаты налогов (в совокупности – «Уклонение от уплаты налогов»);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | салық төлеуден жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасаудан немесе әрекеттерге саналы еліктіргендіктен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтару»);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| c)    | такая Сторона вместе со своими Связанными лицами не совершала и не совершает:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | мұндай Тарап өзінің Байланысты тұлғаларымен бірлесіп жасамаған және жасамайды:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| i     | преступлений по Уклонению от уплаты налогов, путем сознательной вовлеченности в действия или непосредственного совершения действий в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов другим лицом;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | басқа тұлғамен салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында әрекеттерді тікелей жасау немесе әрекеттерге саналы еліктіргендік жолымен салық төлеуден Жалтару бойынша қылмыстар;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| ii    | преступлений, заключающихся в пособничестве, подстрекательстве, консультировании в отношении Уклонения от уплаты налогов или обеспечения Уклонения от уплаты налогов; и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | салық төлеуден Жалтаруды қамтамасыз етуден немесе салық төлеуден Жалтаруға қатысты қылмысқа итермелеуден, арандатушылықтан, кеңес беруден болған қылмыстар; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| iii   | преступлений, путем вовлеченности или соучастия в совершении преступления, состоящего в том, что какое-либо лицо сознательно совершает или предпринимает шаги в целях мошеннического уклонения от уплаты налогов (в совокупности – «Содействие уклонению от уплаты налогов»);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | салық төлеуден айлакерлік жалтару мақсатында қандай болсын тұлға саналы түрде қадамдар жасайтын немесе әрекет ететін қылмыс жасауға еліктіргендік немесе қатысушылық жолымен болған қылмыстар (жиынтықта – «Салық төлеуден жалтаруға көмектесу»);                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| d)    | Такая Сторона обязуется незамедлительно известить другую Сторону в письменном виде, в случае если:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | мұндай Тарап келесі жағдайда жазбаша түрде екінші Тарапқа жедел хабарлауы тиіс:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| i     | такой Стороне станет известно, что она или любое из ее Связанных лиц совершило преступление по Уклонению от уплаты налогов или по Содействию уклонению от уплаты налогов (вместе – «Преступления»); и                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | мұндай Тарапқа оның немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенінің салық төлеуден жалтаруға Көмектесу бойынша немесе салық төлеуден Жалтару бойынша қылмыс жасағаны мәлім болса (бірге – «Қылмыстар»); және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| ii    | такая Сторона или любое из ее Связанных лиц становится объектом любого расследования, разбирательства или исполнительного производства, осуществляемого любым правительственным, административным или регулирующим органом в отношении любого Преступления, или существует угроза любого такого расследования или ожидается любое такое расследование, а также сотрудничать с другой Стороной по любым внутренним проверкам или официальным расследованиям, проводимым другой Стороной по таким вопросам; и                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | мұндай Тарап немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгені кез-келген Қылмысқа қатысты кез-келген үкіметтік, әкімшілік немесе реттеуші органның жүзеге асыратын кез-келген тергеу, істі қарау немесе атқару өндірісі нысаны болса, немесе кез-келген мұндай тергеу қаупі болса немесе кез-келген мұндай тергеу күтілсе, сондай-ақ мұндай мәселелер бойынша екінші Тараппен жүргізілетін кез-келген ішкі тексерулер немесе ресми тергеулер бойынша екінші Тараппен бірге қызмет жасауы тиіс; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| e)    | у такой Стороны внедрены основанные на оценке риска достаточные и эффективные внутренние процедуры (включая,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | мұндай Тарапта Қылмыстар жасауды болдырмайтын және Салық салу туралы заңдарды оның Байланысты тұлғаларымен сақтауды                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |



|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|       | без ограничения, соответствующие политики, процедуры утверждения, обучение и мониторинг), обеспечивающие соблюдение ее Связанными лицами Законов о налогообложении и предотвращающие совершение Преступлений.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | қамтамасыз ететін, тәуекелді бағалауға негізделген жеткілікті және тиімді ішкі рәсімдер (мұнымен шектелмей, сәйкес саясаттарды, бекіту рәсімдерін, оқытуды және мониторингті қоса) енгізілген.                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 16.12 | Стороны соглашаются, что их бухгалтерские книги, записи и счета должны точно отражать все обязательства по налогам, сборам и платежам в отношении транзакций по настоящему Договору.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Тараптар олардың бухгалтерлік кітаптары, жазбалары және шоттары осы Шарт бойынша транзакцияларға қатысты салықтар, алымдар және төлемдер бойынша барлық міндеттемелерді нақты көрсетуі тиіс екеніне келіседі.                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 16.13 | Каждая Сторона соглашается с тем, что она не совершит каких-либо действий, которые приведут к совершению Преступлений другой Стороной, а также обязуется возместить другой Стороне любые штрафные санкции, убытки, издержки (включая, без ограничений, судебные издержки) и прочие расходы, понесенные другой Стороной в результате любого из Преступлений, совершенных вовлеченной Стороной или любым из ее Связанных лиц.                                                                                             | Әрбір Тарап екінші Тараптың Қылмыстарды жасауға итермелейтін қандай да болсын әрекеттерді жасамайтынымен келіседі, сондай-ақ тартылған Тараппен немесе оның Байланысты тұлғаларының кез-келгенімен жасалған кез-келген Қылмыстар нәтижесінде екінші Тарап артқан кез-келген айыппұл санкцияларын, залалдарды, ұсталымдарды (шектеусіз сот ұсталымдарын қоса) және өзге шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндеттенеді.                                                                              |
| 16.14 | Несоблюдение любой из Сторон какой-либо части данного раздела представляет собой существенное нарушение настоящего Договора, позволяющее другой Стороне немедленно расторгнуть Договор и/или отказаться от него. Покупатель оставляет за собой право отказать в размещении заказа или в его выполнении, отменить любой заказ по своему собственному усмотрению и отказаться от совершения любых выплат по настоящему Договору, если Покупатель сочтет, что другая Сторона нарушила какую-либо часть настоящего раздела. | Кез келген Тараптың осы бөлімнің қандай да бір бөлімін сақтамауы екінші Тарапқа Шартты дереу бұзуға және/немесе одан бас тартуға мүмкіндік беретін осы Шартты айтарлықтай бұзу болып табылады. Егер Сатып алушы екінші Тарап осы бөлімнің қандай да бір бөлігін бұзды деп есептесе, Сатып алушы өзіне тапсырысты орналастырудан немесе оны орындаудан бас тарту, өзінің қарауы бойынша кез келген тапсырысты жою және осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді жасаудан бас тарту құқығын қалдырады. |

## 17 УСЛУГИ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ ПОСТАВЩИКА НА РАБОЧЕЙ ПЛОЩАДКЕ, ВИЗЫ И УДЕРЖАНИЕ НАЛОГОВ / ЖЕТКІЗУШІ ӨКІЛІНІҢ ЖҰМЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ, ВИЗАЛАР ЖӘНЕ САЛЫҚТАР ҰСТАУ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 17.1 | От Поставщика может потребоваться предоставление Покупателю технического надзора и технической поддержки на Рабочей Площадке либо в других указанных местах, помощи Покупателю в ходе монтажа, пусконаладки, приемочных испытаний, запуска и эксплуатации Товаров, поставленных по настоящему Договору Поставки, обучения персонала и подтверждения гарантий. Если иное не указано в Деталях Заказа или Особых условиях, данные услуги, наряду с соответствующими условиями, будут определены в отдельном соглашении. Поставщик согласен предоставить надлежащий опытный, квалифицированный и сертифицированный персонал для оказания запрошенной поддержки. Поставщик обязуется письменно уведомить Покупателя о предстоящем прибытии его сотрудников и/или привлеченных им третьих лиц не позднее чем за 10 (десять) рабочих дней до даты такого прибытия. | Жеткізушіден Сатып алушыға Жұмыс алаңында немесе басқа көрсетілген жерлерде техникалық қадағалау мен техникалық қолдау көрсету, Сатып алушыға осы Жеткізу шарты бойынша жеткізілген Тауарларды монтаждау, іске қосу-баптау, қабылдау сынақтары, іске қосу және пайдалану барысында көмек көрсету, қызметкерлерді оқыту және кепілдіктерді растау талап етілуі мүмкін. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Ерекше талаптарда басқасы көрсетілмесе, осы қызметтер тиісті талаптармен бірге жеке келісімде анықталатын болады. Жеткізуші сұратылған қолдауды көрсету үшін тиісті дәрежедегі тәжірибелі, білікті және сертификатталған қызметкерлерін ұсынуға келісімін береді. Жеткізуші Сатып алушыға оның қызметкерлерінің және/немесе ол тартқан үшінші тұлғалардың алдағы уақытта келуі туралы осындай келетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. |
| 17.2 | Если Поставка включает Услуги, то ценовая составляющая таких услуг должна быть четко определена и указана отдельно в Сумме Договора Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Егер Жеткізу Қызмет көрсетуді қоса қамтыса, онда осындай қызметтердің бағасы нақты белгіленіп, Жеткізу шартының сомасында жеке көрсетілуі тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 17.3 | При этом, все расходы, связанные с проживанием и питанием сотрудников Поставщика или его представителя (ей), в том числе третьих лиц, привлеченных Поставщиком в период нахождения их на Рабочей Площадке, подлежат перевыставлению Поставщику. Поставщик обязуется в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня выставления электронной счет-фактуры возместить данные расходы Покупателю.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Бұл ретте Жеткізуші қызметкерлерінің немесе оның өкілінің (дерінің), оның ішінде Жеткізуші Жұмыс алаңында болған кезеңде тартқан үшінші тұлғалардың тұруына және тамақтануына байланысты барлық шығыстар Жеткізушіге қайта ұсынылуы тиіс. Жеткізуші электрондық шот-фактура берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алушыға осы шығыстарды өтеуге міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 17.4 | Визы работникам Поставщика, являющимся нерезидентами Республики Казахстан.<br>Если работнику Поставщика, являющемуся нерезидентом Республики Казахстан, требуется посетить Рабочую Площадку или другое указанное место в Казахстане, Поставщик обязан соблюдать визовые и миграционные Законы Республики Казахстан. В случае, если требования в отношении получения визы Республики Казахстан распространяются на работника Поставщика, Поставщик должен предоставить необходимую визовую поддержку.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын Сатып алушының жұмыскерлерінің визасы<br>Егер Жеткізушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жұмыскері Жұмыс алаңына немесе Қазақстандағы басқа да көрсетілген орынға баруы талап етілсе, Жеткізуші Қазақстан Республикасының визалық және көші-қон заңдарын сақтауға міндетті. Егер Қазақстан Республикасының визасын алуға қатысты талаптар Жеткізушінің жұмыскеріне қолданылатын болса, Жеткізуші қажетті визалық қолдауды ұсынуы тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 17.5 | В случае нарушения Поставщиком визовых и/или миграционных Законов, включая оформление туристической визы вместо деловой, Поставщик несет ответственность в полном объеме за все возможные последствия, в том числе обязуется возместить причиненный Покупателю ущерб, включая административный штраф за нарушение миграционных Законов, расходы, связанные с задержанием и депортацией сотрудников Поставщика, неисполнением или просрочкой исполнения обязательств по                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Жеткізуші іскерлік визаның орнына туристік визаны ресімдеуді қоса алғанда, визалық және/немесе көші-қон Заңдарын бұзған жағдайда, Жеткізуші барлық ықтимал салдарлар үшін толық көлемде жауап береді, соның ішінде Сатып алушыға келтірілген залалды, көші-қон Заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлды, Жеткізушінің қызметкерлерін ұстауға және депортациялауға, осы Жеткізу шарты бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе орындау мерзімін кешіктіруге байланысты шығыстарды қоса                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | настоящему Договору Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | алғанда, барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 17.6 | <b>Налог, удерживаемый у источника выплаты.</b><br>Покупатель не несет ответственности перед Поставщиком, а Поставщик не будет выставлять Покупателю никаких требований в отношении сумм, подлежащих выплате Поставщику, которые Покупатель удержал из платежа в соответствии с требованиями Применимых Законов о налогообложении, до тех пор, пока Покупатель не освободится от всех видов Ответственности в соответствии с Применимым Законодательством в отношении сумм, удержанной таким образом, и не получит законное право выплатить сумму Поставщику. | Төлем көзінен ұсталатын салық.<br>Сатып алушы. Жеткізушінің алдында жауап бермейді, ал Жеткізуші Сатып алушының мынадай әдіспен ұсталған сомаға қатысты Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Жауапкершіліктің барлық түрлерінен босатылғанға дейін және Жеткізушіге соманы төлеу бойынша заңды құқықты алғанға дейін Сатып алушының Салық салу туралы қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкес төлемнен ұстап қалған Жеткізушіге төленуі тиіс сомаларға қатысты Сатып алушыға ешқандай талап қоймайды. |
| 17.7 | Сумма Договора Поставки или любая составляющая Суммы не увеличивается на сумму налога, который Покупатель обязан удержать у источника выплаты.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Жеткізу шартының сомасы немесе Соманың кез келген құрамдас бөлігі Сатып алушы төлем көзінен ұстап қалуға міндетті салық сомасына ұлғаймайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

## 18 ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА СУБПОСТАВЩИКОВ / ҚОСАЛҚЫ ЖЕТКІЗУШІЛЕР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 18.1 | Поставщик несет ответственность за все действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий своими Субпоставщиками в связи с Поставкой в тех же пределах, в которых Поставщик нес бы ответственность, если бы Поставщик сам совершал такие действия, упущения, исполнение или неисполнение договорных условий. Никакие виды Ответственности Поставщика согласно настоящей Статье 18 не будут отменены или уменьшены в силу того, что Покупатель согласовал какого-либо Субпоставщика или такой Субпоставщик указан в настоящем Договоре Поставки. | Жеткізуші өзінің Қосалқы жеткізушілерінің Жеткізуге байланысты шарттық талаптар бойынша барлық іс-әрекеттері, оққылықтары, орындалуы немесе орындалмауы үшін, егер Жеткізушінің өзі осындай іс-әрекеттері, оққылықтары, шарттық талаптарды орындауы немесе орындамауы үшін қалай жауап берсе, өзі де сондай шекте жауап береді. Осы 18-бапқа сәйкес Жеткізуші жауапкершілігінің ешбір түрлері Сатып алушының қандай да бір Қосалқы жеткізушіні келіскеніне немесе осындай Қосалқы жеткізушіге осы Жеткізу шартында көрсетілгеніне байланысты жойылмайды немесе азайтылмайды. |
|------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## 19 ОСМОТР, ТЕСТИРОВАНИЕ И ЭКСПЕДИРОВАНИЕ / ҚАРАП ТЕКСЕРУ, ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ

